

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » ____
№ ____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« ____ » ____ 20 ____ года

2025 жылғы 11 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О. А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Халқымыз «Ауыл – алтын бесік» деп бекер айтпаған. Ауылдың экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсарту – барлығымыздың да парызымыз. Ауыл мәселесін «Ауыл» партиясы ұдайы назарда ұстайды.

Соңғы 34 жылда көптеген елді-мекен болашағы жоқ деп жабылды. Алдағы уақытта тағы да 2 мыңға жуық ауыл жабылуы мүмкін деген қауіп бар. Сондағы айтатындары инженерлік инфрақұрылым мемлекет мойнына үлкен жүк болады-мыс деген уәж. Мемлекет ауыл тұрғындарына шағын кәсіп ашуға, шығарған өнімдерін өткізуге көмектесу орнына, оларды осылайша одан әрі сергелдеңге салмақ. Ауылдарды жабу – қордаланған мәселені шиеленістірмесе, шешпейді, ауылдықтар қалаға келіп әлеуметтік қажеттілікті одан сайын көбейтпей ме? Бір әттеңі, ауылдарды жабу керек дегендер осындай қарапайым аксиоманы түсінбей келеді!!!

Ауылды жерлерді дамытуға бағытталған бағдарламалар нәтижелі болғанымен, қордаланған мәселелерді толық шеше алған жоқ. Ал кәзіргі қолға алған іс-шаралар аздық етеді.

Ауылды, әсіресе, шекаралық аймақтардағы елді мекендерді сақтап қалу – тек экономикалық тұрғыдан емес, мемлекет қауіпсіздігінің басты факторы екенін ұмытпайық!

Бұл ретте, азаматтардың ауылға келуін ынталандыру, халықтың көші-қонын азайту, ауылдық жерлерде жұмыс күші тапшылығын жою, агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, шағын-орта бизнес субъектілері

санын арттыру, тұрақты жұмыс орны жоқ қала азаматтарының, сондай-ақ жас отбасылардың әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсету басты міндетіміз болып табылады.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

Бірінші) Шалғай және шекара маңындағы ауылдарда өмір сүру сапасын жақсартуды көздейтін, оларды дамытуға бағытталған жеке шешім қабылдауды;

Екінші) Қоныс аударушылар үшін тұрғын үй құрылысына немесе үй сатып алуға арналған субсидиялар көлемін ұлғайтып, коммуналдық төлемдер мен инфрақұрылымдық шығындарды жабуға арналған өтемақы қарастыруды;

Үшінші) Қаладан ауылға көшетін ауыл шаруашылығы саласының мамандарына мақсатты мемлекеттік субсидиялар мен жеңілдетілген техникалық несие ұсынуды;

Төртінші) Ауыл шаруашылығымен айналысуға ниетті азаматтарға жер телімдерін рәсімдеуді жеңілдетіп, жас фермерлерге арналған оқыту бағдарламаларын енгізуді және «бір ауыл – бір кооператив» қағидаты бойынша жергілікті агрокооперацияларды дамытуды;

Бесінші) Әр аудан әкімдігі жанынан арнайы жобалық кеңселер құрып, көші-қон, әлеуметтік көмек, жұмысқа орналасу және тұрғын үй мәселелерін бір орталық арқылы шешетін «бір терезе» қағидатын енгізуді;

Алтыншы) Кәсіп ашқысы келетін азаматтаға гранттар мен жеңілдетілген несиелер беруді;

Жетінші) Елді мекендердің дамуына көмек беріп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлерге ең төменгі пайызбен көп жылға несие беруді ұйымдастыруды шешуі қажет деп санаймыз.

Аталған ұсыныстарды іске асыру, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді және жастарды ауылда тұрақтандыруға септігін тигізеді деп есептейміз.

Құрметпен

**Дайрабаев Ж.М.
Егізбаев С.Р.
Әлішев Қ.Қ.
Әлтай А.Д.
Әшімбетов Н.К.
Казанцев П.О.
Қасқарауов Д.А.
Қожаназаров А.А.
Сұңқар И.Е.
Баққожаев А.А.
Абден Қ.Ж.
Саурықов Е.Б.**

**Арсютин Н.Г.
Зейнуллин А.Т.
Серіков Т.Ғ.**

*Орындаушы.: Әбдіқадыр Ә.М
тел.: 74 67 67*